

"Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 8 шілдедегі № 426 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А.Мамин

**"Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470
Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 43, 503-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1-2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының басшылары жыл сайын 1 қыркүйектен кешіктірмей Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органына "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша мамандар даярлауға өтінімді ұсынсын.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы ережеде:

4-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларына (бұдан әрі - Іріктеу қағидалары) сәйкес "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау, одан айыру туралы шешім қабылдау;"

3) және 4) тармақшалар алып тасталсын;

10-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) мемлекеттік тілді білудің қажетті ең төмен деңгейін, шетелдік жоғары оқу орындарының, шет мемлекеттердің уәкілетті органдары айқындайтын шетелдік ұйымдардың талаптарын ескере отырып, шет тілін білудің қажетті ең төмен деңгейін белгілейді;"

мынадай мазмұндағы 12), 13) және 14) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) Іріктеу қағидаларына сәйкес "Болашақ" халықаралық стипендиясынан бас тартуды қабылдайды, сондай-ақ "Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберінде алған мамандығы бойынша еңбек қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды;

13) "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін басым мамандықтар тізбесін жыл сайын бекітеді;

14) Іріктеу қағидаларында айқындалған адамдар санаттары үшін "Болашақ" халықаралық стипендиясының шекті санын жыл сайын белгілейді."

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев